


## Дәнекерлеу технологиясы

Сайыс бойынша ереже

Астана қ., 2024 ж

«КЕЛІСІЛДІ»  
«Welding Company» ЖШС  
орынбасары

 Абишев Р.Б.  
«    »    2024 ж



**техникалық колледж студенттері үшін «Дәнекерлеу технологиясы» құзіреттілігі бойынша WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионат конкурсын өткізу туралы және 16 жастан 22 жасқа дейінгі кәсіптік білім беру**

## ЕРЕЖЕСІ

### I. Жалпы ереже

- 1.1. WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионатын «Дәнекерлеу технологиясы» құзіреттілігі бойынша Астана қаласы Білім басқармасы өткізеді.
- 1.2. «Дәнекерлеу технологиясы» құзіреттілігі бойынша қалалық байқауды ұйымдастырушы Астана қаласы әкімдігі «Кәсіптік-техникалық колледж» ШЖҚ МКК болып табылады.
- 1.3. «Дәнекерлеу технологиясы» құзіреттілігі бойынша қалалық байқау сапа бағасы қоса жүретін нақты тапсырмаларды орындау қарастырылған ашық жарыс.
- 1.4. «Дәнекерлеу технологиясы» құзіреттілігі бойынша қалалық байқауына 07150500 мамандығы бойынша Астана қаласы колледждері студенттері мен 16 және 22 жас аралығындағы мамандар қатыса алады.

### II. Қалалық чемпионаттың мақсаттары мен міндеттері

- 2.1. «Дәнекерлеу технологиясы» құзіреттілігі бойынша қалалық байқаудың мақсаты жұмысшы мамандығының бұқаралық сипатын көтеру және қалада кәсіби сапа дайындығын арттыру, сондай-ақ WorldSkills Kazakhstan Республикалық чемпионатына қатысушыларды анықтау.
- 2.2. Қалалық чемпионаттың негізгі міндеттері:
  - жұмысшы мамандар біліктілігін әлемдік WorldSkills стандарты деңгейіне көтеру;
  - халықаралық талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасы экономикасының басым бағыттары бойынша жұмысшы мамандарды даярлаудың кәсіби стандартын жаңғырту үшін жағдай тудыру;
  - қалада басым бағыттар бойынша WSK чемпионатына қатысушыларды дайындау мен таңдау бойынша технологиялық, әдістемелік және ұйымдастырушылық инфрақұрылым желісін құру;
  - WSK қалалық чемпионатын өткізуді ұйымдастыруын қамтамасыз етуді дайындау;
  - WSK қозғалысы танымалдығын арттыру.

### III. Өткізілудің орны мен мерзімі

- 3.1. «Дәнекерлеу технологиясы» құзіреттілігі бойынша WorldSkills Kazakhstan қалалық чемпионаты 2024 жылы 16-22 сәуір күндері сағат **09.00** Астана қаласы Қорғалжын тас жолы 22 мекен жайындағы Астана қаласы «Кәсіптік-техникалық колледж» өткізіледі.
- 3.2. Сұраныс (Қосымша 1) Астана қаласы Қорғалжын тас жолы 22 мекенжайындағы Астана қаласы «Техникалық колледж» 2024 жылдың 1 сәуіріне дейін [wsk2021nursultan@mail.ru](mailto:wsk2021nursultan@mail.ru) электронды мекенжайы бойынша қабылдайды.

#### IV. Қалалық чемпионатқа қатысушылар

4.1. «Дәнекерлеу технологиясы» құзіреттілігі бойынша қалалық байқауына Астана қаласы колледждері студенттері мен 16 және 22 жас аралығындағы мамандардан 1 адамнан қатыса алады.

#### V. Қалалық чемпионатқа қатысушыларға қойылатын талаптар

5.1. Қалалық чемпионатқа қатысушылар мен сарапшылардың барлығы Қазақстан Республикасында қабылданған Еңбекті қорғау нормалары мен ережелерін және қауіпсіздік техникасын (ЕҚ және ҚТ) бұлжытпай сақтауға тиіс.

5.2. Қалалық чемпионатқа 16 және 22 жас аралығындағы жастар қатыса алады.

5.3. Қалалық байқаудың алдында қатысушылар міндетті:

- «1 қатысушы – 1 сарапшы(өндірістік оқыту шебері/кәсіби бағыттағы оқытушы) түріндегі байқауға қатысу сұранысын 2024 жылдың 1 сәуіріне дейін «Дәнекерлеу технологиясы» құзіреттілігі бойынша [wsk2021nursultan@mail.ru](mailto:wsk2021nursultan@mail.ru) электронды мекенжайына жолдауы керек.

5.4. Сұраныс жібергеннен кейін байқау аясында осы құзіреттілік бойынша жарысқа қатысуға дайындалу үшін оқу-әдістемелік кешен ұсынылады:

-инфракұрылым құрылғылары қағазында көрсетілмеген (байқау тапсырмасындағы кейбір нұсқауды есептемегенде) құралдарды пайдалануға тиым салынады;

-байқау барысында тек ұйымдастырушылар ұсынған материалдарды пайдалануға рұқсат етіледі.

5.5. Байқауға қатысушының байқауға қатысу орны байқаудың бірінші күні жеребе тастау әдісімен анықталады.

5.6. Байқау тапсырмаларын орындауға Қатысушының дайындығы:

-чемпионатта пайдаланылатын құрылғылармен, құралдар және материалдармен Қатысушы сарапшылар, ұйымдастыру комитеті өкілдері қатысуымен таныса алады;

-қатысушылар өздерінің конкурстық жұмыс орындарын дайындап, құралдарды, материалдарды және жабдықтарды дайындап тексеруі тиіс.

5.7. Чемпионаттың барлық қатысушыларында өздерімен бірге туған күні мен жеке басын тексеру үшін жеке куәлігі(паспорт) болуы тиіс.

5.8. Барлық қатысушылар және сарапшылар аккредиттеуден (тіркеу кезінде бәйдж алып) өтеді. (Қосымша 2)

5.9. Чемпионатқа қатысушылар конкурстық тапсырмаға, инфрақұрылым қағазына сәйкес арнайы киімдері (қорғаныс пердесі, дәнекерлеу арнайы киімі, темір басты аяқ киім) болуы тиіс.

5.10. Конкурс тапсырмалары конкурс тапсырмаларына сәйкес модульдер бойынша орындалады, барлық талаптар конкурстық тапсырмада, инфрақұрылым қағазында, еңбекті қорғау ережелерінде бағалау өлшемінде жазылған, осы құзыреттілік бойынша барлық қатысушыларға міндетті талаптар қойылады.

5.11. Конкурс тапсырмаларын орындауды бастауға және аяқтауға уақыт белгісін

Бас сарапшы береді. Конкурс тапсырмасын орындау уақытында қатысушыларға тек бас сарапшымен сөйлесуге болады. Үшінші жақпен сөйлесуге тыйым салынған.

5.12. Қатысушыларды айыбы үшін сарапшылар айыптаса немесе олар ережелерді сақтаудан бас тартса және/немесе ұйымдастыру комитеті өкілдері және сарапшылар нұсқауларын, немесе Чемпионатты өткізуге өзінің жаман тәртібімен әсер ететін болса бас сарапшы және Ұйымдастыру комитеті өкілінің шешімімен Чемпионатқа қатысудан аластатуы мүмкін.

5.13. Қатысушының ЕҚ және ҚТ ережелерінің нұсқауларын ұстанбау фактісі орын алса, байқау тапсырмаларын орындаудағы қорытынды бағасына әсер етеді.

5.14. ЕҚ және ҚТ талаптарын ұстанбау қайталанған жағдайда қатысушыны Чемпионаттан уақытша немесе толық шығарып тастауына әкелуі мүмкін.

5.15. Қатысушылар конкурсы орнын, материалдарды, жабдықтар мен құралдарды қосқанда таза қалпында қалдырылулары тиіс

**VI. «Дәнекерлеу технологиясы» күзiреттiлiгi бойынша WorldSkills қалалық чемпионатының жүргiзiлу талаптары мен байқау жұмысын бағалау өлшемдерi**

6.1. «Дәнекерлеу технологиясы» күзiреттiлiгi бойынша WorldSkills қалалық чемпионаты өзіне тәжірибелік тапсырмаларды орындауды қосады. Байқау жұмысының негізгі бағалау өлшемдері болып табылды: тәжірибелік тапсырманы белгілеген уақыт нормасында және еңбек қауіпсіздігін сақтай отырып сапалы орындаса (100 бал).

6.2. Чемпионаттың бас сарапшысы болып Астана қаласы өнеркәсіп орындарының тәжірибелі жұмысшылары арасынан таңдалады

-Қатысушы ережені бұзса, айып балдарымен жазаланады (Қосымша 3)

-Жұмысты орындау барысында ұялы телефонды пайдалануға тыйым салынады.

-Жұмыс барысында моделге көмек көрсетуге тыйым салынады.

-Тәжірибелік жұмысты орындау уақыты 2 күн.

6.3. Чемпионат келесі номинациялар бойынша жүргізіледі (Қосымша №4):

**Модуль 1.** Жоғары қысымды резервуар. Байқауды ұйымдастырушылар бірінші модуль байқау тапсырмалары үшін кешен (11 бөлшек) ұсынады, (8-бөлшек, болат плита көлемі 110x220мм, болат плита көлемі 250x250мм, d-3 мм құбыр)

**Модуль 2.** Алюмин және тот баспайтын пластиналарды дәнекерлеу. 3бөлшек бойынша (үш алюмин пластина және үш тот баспайтын пластина) екінші модуль үшін (2 бөлшек, көлемі 150x150x3мм және 1 бөлшек, көлемі 130x150x3 мм, сондай-ақ тот баспайтын болат үшін де)

**VII. «Дәнекерлеу технологиясы» күзiреттiлiгi бойынша WorldSkills қалалық чемпионаты жеңiмпаздарын марапаттау және қорытындысын шығару**

7.1. «Дәнекерлеу технологиясы» күзiреттiлiгi бойынша WorldSkills қалалық чемпионатының қорытындысын бас сарапшы шығарады.

7.2. Қорытынды жеке-жеке шығарылады (Қосымша №5)

7.3. «Дәнекерлеу технологиясы» күзiреттiлiгi бойынша WorldSkills Kazakhstan қалалық чемпионатының қорытындысы қатысушылардың жинаған балы бойынша анықталады.

7.4. «Дәнекерлеу технологиясы» күзiреттiлiгi бойынша WorldSkills Kazakhstan қалалық чемпионатының жеке есептеуімен жеңiмпаздарды марапаттау үшін:

- Бірінші орын – алтын жүлде;
- Екінші орын – күміс жүлде;
- Үшінші орын – қола жүлде

**Қосымша №1**

«Дәнекерлеу технологиясы» байқауына қатысу үшін сұраныстар төмендегі үлгіде қабылданады:

**Астана қаласы WSK қалалық чемпионаты  
Қатысушылар тізімі («Дәнекерлеу технологиясы»)**

№р/с	Аты-жөні, Туған жылы	Мекеме,	Жұмыс орны, қызметі/ оқу орны	Электрондық мекен жайы және байланыс телефоны	Жетекшісі

Қосымша №2

«Дәнекерлеу технологиясы» құзіреттілігі бойынша WorldSkills қалалық чемпионатына қатысушының тіркеу формасы {Астана қаласы}

№р/с	Ф.И.О.	Жұмыс орны мен қызметі	Сарапшы - тәлімгер Аты-жөні	Сарапшы-тәлімгердің жұмыс орны, оқу орны.

Қосымша №3

«Дәнекерлеу технологиясы» құзіреттілігі бойынша WorldSkills қалалық чемпионатына қатысушының жұмыс орынындағы қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау туралы нұсқаудың хаттамасы {Астана қаласы}

№р/с	Қатысушының/сарапшының аты-жөні	Нұсқау алушы қатысушының/ сарапшының қолы	Нұсқау беруші сарапшының Т.А.Ж	Нұсқау беруші сарапшының Т.А.Ж

«Дәнекерлеу технологиясы» құзіреттілігі бойынша WorldSkills қалалық чемпионаты. Құрылғыда жұмыс істеу бойынша нұсқаулықтың хаттамасы. Нұсқаулық хаттамасы формасы.

Қосымша № 4

МОДУЛЬ 1. « Жоғарғы қысым резервуары»

Сипаттама: пластина/құбырдан жасалған толығымен жабық құрылым, өңделу кезінде дәнекерлеудің екі әдіспен жүзеге асырылады (111, MMA, PDC электродымен жабылған қолмен доғалы дәнекерлеу, 135 MAG, МП белсенді газ бен қоспа ортасында балқытылған электродтармен механизацияланған дәнекерлеу) және осы техникалық сипаттамадағы барлық дәнекерлеу позициясы

- -Уақыт: 8 сағат.
- -Пластина қалыңдығы – 8-10 мм
- -Құбыр қабырғасының қалыңдығы – 2-4 мм
- -Байқау үшін минималды қысым -2 атм

МОДУЛЬ 2. Алюмин және тот баспайтын пластиналарын дәнекерлеу

Сипаттама: TIG, 141 РАД балқымайтын электродпен қол аргонмен доғалы дәнекерлеу құрылғысын пайдаланып үш алюмин пластиналар құрылымын бұрыш құрастыра дәнекерлеу және жинау. Қосымды сымды пайдалана барлық тігістер бір рет жүргізіле орындалады

Қосымша № 5

«Дәнекерлеу технологиясы» құзіреттілігі бойынша WorldSkills қалалық чемпионаты сараптау комиссиясының қорытынды хаттамасы {Астана қаласы} WSK қалаық чемпионаты сараптау кеңесі отырысының

Хаттамасы

Қүзіреттілік бойынша \_\_\_\_\_

Қатысқандар:

СК төрағасы ( WSK бас сарапшы): \_\_\_\_\_

Қүзіреттілік бойынша \_\_\_\_\_

Сарапшылар:

1.

2.

Жарысқа \_\_\_\_ адам қатысты.

**СК төрағасы (WSK бас сарапшы):**

Күзiреттiлiк бойынша \_\_\_\_\_

Сарапшылар:

Сараптау кеңесi мүшелерi қойған жиынтық бал нәтижесi бойынша жүлделi орындар тағайындалады:

Орын	Қатысушының аты-жөнi	Қатысушы мекемесi	Облыс/қала	Жиынтық балы

Күзiреттiлiк бойынша

Сарапшылар төрағасы \_\_\_\_\_

Сарапшылар:

1.

2.